


## Бракеражды комиссияның тамақтану сапасына мониторинг жүргізілгені жөнінде

### АҚПАРАТ

Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық талаптарына сәйкес, бракеражды комиссия мүшелері яғни қамқоршылық кеңестің төрағасы Сүйеубаев Қуаныш Жұмабекұлы бастаған қамқоршылық кеңеске мүше ата-аналар, сондай-ақ мектеп басшылығы мектеп асханасына тамақтану сапасына мониторинг жұмыстарын жүргізді. Аталған жұмыс барысында әлеуметтік жағдайы төмен және бастауыш сынып оқушыларына тегін берілетін ыстық тамақтың қажетті нормаларға сәйкестігі анықталды. Еркін мәзірге бекітілген прайс бағалары қол жетімді екендігіне көз жеткізді. Күнделікті мәзірдің перспективалық мәзірге сәйкестігін және асхананың тазалығы талапқа сай екендігіне анықталды. Күн сайын әлеуметтік педагог Г.Бекшеева және мектеп мейірбикесі Г.Оразбаева тамақ сынамасын бақылауға алып, тексеріп отыратындығын мәлімдеді. Ас әзірлейтін бөлмелер мен қоймалардың санитарлық жағдайы тексеріс барысында бракеражды комиссия мүшелерін қанағаттандырды. Балалардың қауіпсіздігін басты мақсат еткен аталған шара ай сайын жалғасын табуда. Қамқоршылық кеңестің мүшелерімен мектепте комиссия отырысы жиі қаралып отырады.

Әлеуметтік педагог



Г.Бекшеева